



№ 19 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2018 жылғы 25 шілде

Алматы қ.

1. 2018 жылғы маусымдағы инфляция және инфляциялық күтулер


Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылғы маусымда инфляция 0,2%, жылдың басынан бері – 2,6% (2017 жылғы қаңтар-маусымда – 3,7%) болды.

Жылдық инфляция 5,9% деңгейінде қалыптасты және 2018 жылдың соңында Ұлттық Банктің 5-7% нысаналы дәлізінің ішінде тұр. Инфляцияның құрылымында жылдық көрсеткіш бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 8,4%-ға, азық-түлік тауарлары және ақылы қызмет көрсету – тиісінше 4,2% және 5,5%-ға өсті.

2018 жылғы маусымда халықтың инфляциялық күтулері өзгерген жоқ. Халықтың пікіртерім нәтижелері бойынша инфляцияның бір жылдан кейін күтілетін сандық бағалауы 6,0% болды (1-график).

1-график.

Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

2. 2018 жылғы маусымдағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2018 жылғы маусымда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері алдын ала деректер бойынша 30,6 млрд АҚШ долларына дейін 0,5%-ға немесе 157,2 млн АҚШ долларына төмендеді (жыл басынан бері 0,6%-ға немесе 181,4 млн АҚШ долларына төмендеді).

Жалпы алғанда, елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (58,1 млрд АҚШ долл.) қоса алғанда, 2018 жылғы маусымның соңында 88,7 млрд АҚШ долл. болды.

Үкіметтің шоттарына валютаның түсуі және банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюы Ұлттық қордың активтерін толықтыру, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен бейтараптандырылды.

Ақша базасы маусымда 19,8%-ға кеңейді және 5 734,2 млрд теңге (жыл басынан бері 3,5%-ға немесе 195,4 млрд теңгеге кеңейді) болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 5 015,2 млрд теңгеге дейін 11,2%-ға (тарылуы – 2,9% немесе 147 млрд теңге) кеңейді.


Маусымдағы ақша массасы алдын ала деректер бойынша 3,9%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 2,3%-ға ұлғайды) және 19 908,2 млрд теңге болды, айналыстағы қолма-қол ақша 2 059,0 млрд теңгеге дейін 6,1%-ға (5,8%) ұлғайды.

3. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы операциялары

Ұлттық Банктің 2018 жылғы 9 шілдедегі шешімімен базалық мөлшерлеме +/-1%¹ дәлізбен жылдық 9% деңгейде сақталды (2-график).

2-график.

Базалық мөлшерлеменің және оның пайыздық дәлізінің серпіні



Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. 2018 жылғы маусымның соңында айналыстағы ноттардың көлемі бір айда 9,1%-ға төмендеп (жыл басынан бері 14,6%-ға өсу), 3 648,3 млрд теңгені құрады. Бейрезидент банктердегі айналыстағы ноттардың көлемі маусымның соңында 240,1 млрд теңгені немесе айналыстағы ноттардың жалпы көлемінің 6,3%-ын құрады.

Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2018 жылғы маусымда 4 797,7 млрд теңге болды. 28 аукцион, оның ішінде 3 792,6 млрд теңге сомаға 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 21 аукцион, 864,6 млрд теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 4 аукцион, 29,4 млрд теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион, 53,0 млрд теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион және 58,0 млрд теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион өткізілді.

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу көлемі 2018 жылғы маусымда 5 190,0 млрд теңгені құрады.


¹ Сонымен бір мезгілде осыған ұқсас деңгейге дейін (9%) ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі төмендеді

Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 8,14%, 1 айлық ноттар бойынша – 8,25%, 3 айлық ноттар бойынша – 8,29%, 6 айлық ноттар және 1 жылдық ноттар бойынша – 8,22% болды.

Тұрақты қолжетімді ақша-кредит саясатының құралдары. 2018 жылғы маусымның соңында Ұлттық Банктің ашық позициясының көлемі тікелей РЕПО операциялары бойынша 204,5 млрд теңге, кері РЕПО операциялары бойынша – 182,9 млрд теңге, Ұлттық Банктегі банктік депозиттер бойынша – 686,3 млрд теңге болды.

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының теріс сальдосы (Ұлттық Банктің ашық позициясы) ашық нарықтағы операциялар бойынша және тұрақты қолжетімді құралдар бойынша бір айда 2,3 млрд теңгеге көбейді және маусымның соңындағы жағдай бойынша 3,2 трлн теңге болды.

Ақша нарығында ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторы² 2018 жылғы маусымда Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің пайыздық дәлізінің төменгі шегіндегі деңгейге жуық қалыптасты (3-график). Орташа алынған мәні жылдық 8,11% (2018 жылғы мамырда – 8,28%) болды.



Кірістілік қисығын қалыптастыру.

2018 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 94,6 млрд теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асырды. 4 аукцион өткізілді, онда 20 жылдық, 15 жылдық, 14 жылдық, 13 жылдық МЕУКАМ орналастырылды. Олар бойынша орташа алынған кірістілік 8,43%-дан 8,47%-ға дейін құбылды.


Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2018 жылғы маусымның соңында 6 937,5 млрд теңге болды.

Бұл ретте кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді секторларының бойымен төмендеуі және оның нысанының біртіндеп қалпына келуі жалғасуда (4-график).

² биржада МБҚ-мен автоматты РЕПО секторының биржасында жасалған, РЕПО-ны мерзімі бір жұмыс күніне ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме

4-график.

Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгеруі



4. 2018 жылғы маусымдағы валюта нарығы

2018 жылғы маусымда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 330,73-341,31 теңге ауқымында өзгерді. 2018 жылғы маусымның соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір айда 3,6%-ға әлсіреп (жыл басынан бастап әлсіреу 2,6%), бір АҚШ доллары үшін 341,08 теңге болды.

2018 жылғы маусымда KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі 16,9 млрд АҚШ доллары (бір айда 17,9%-ға ұлғаю), оның ішінде Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттықтардың көлемі – 3,0 млрд АҚШ доллары (бір айда 3,0%-ға төмендеу), биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі – 13,9 млрд АҚШ доллары (бір айда 23,7%-ға ұлғаю) болды. Бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеумен байланысты операцияларының көлемі өткен аймен салыстырғанда 10,5%-ға ұлғайып, 9,0 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, олардың биржадан тыс сауда-саттықтардың жалпы көлемінен үлесі 65,1%-ды құрады (2018 жылғы мамырда 72,9%). Аталған операция ішкі валюта нарығындағы шетелдік валютаға сұраныс немесе ұсыныс көлеміне әсер етпейді.

2018 жылғы маусымда халық нетто-негізде 159,3 млрд теңгеге балама сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды. Шығыстардың негізгі көлемі 50,1% немесе 79,9 млрд теңге АҚШ долларын, 36,2% немесе 57,7 млрд. теңге Ресей рублін, 12,9% немесе 20,6 млрд. теңге еуро сатып алуға бағытталды. Өткен аймен салыстырғанда аталған шығыстар 30,8%-ға ұлғайды (АҚШ долларын сатып алуға шығыстар 2,4 есе ұлғайды, еуро мен Ресей рублін сатып алуға шығыстар тиісінше 21,3%-ға және 6,5%-ға азайды).

5. 2018 жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 2018 жылғы маусымның соңында 17 840,2 млрд теңге (бір айда ұлғаю 5,6%) болды. Заңды тұлғалардың депозиттері 9 455,4 млрд теңгеге дейін 8,0%-ға, жеке тұлғалардың депозиттері 8 384,8 млрд теңгеге дейін 3,0%-ға ұлғайды.

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі бір айда 9 903,1 млрд теңгеге дейін 5,4%-ға, шетел валютасымен 7 937,1 млрд теңгеге дейін 5,8%-ға өсті. Долларландыру деңгейі маусымның соңында 44,5% (2018 жылғы мамырда – 44,4%) болды.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 2018 жылғы маусымда 5 443,8 млрд теңгеге дейін 6,0%-ға, шетел валютасымен 4 011,6 млрд теңгеге дейін 10,8%-ға (заңды тұлғалардың депозиттерінен 42,4%) өсті.

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 4 459,2 млрд теңгеге дейін 4,6%-ға ұлғайды, шетел валютасымен 3 925,5 млрд теңгеге дейін 1,2%-ға (жеке тұлғалардың депозиттерінен 46,8%) ұлғайды.

Мерзімді депозиттер көлемі бір айда 2,8%-ға ұлғайып, 11 859,8 млрд теңге болды. Олардың құрылымында ұлттық валютамен салымдар 6 384,8 млрд теңге, шетел валютасымен – 5 475,0 млрд теңге болды.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,1% (2017 жылғы желтоқсанда – 8%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 11,2% (11,7%) болды.

6. 2018 жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі 2018 жылғы маусымның соңында 12 831,1 млрд теңгені құрады (бір айда 0,9%-ға ұлғаю). Заңды тұлғаларға кредиттердің көлемі 7 997,3 млрд теңгеге дейін 0,3%-ға, жеке тұлғалардыкі 4 833,8 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды.

Ұлттық валютамен кредиттердің көлемі бір айда 9 673,1 млрд теңгеге дейін 1,1%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер көлемі өзгерген жоқ, жеке тұлғаларға кредиттер 2,2%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен кредиттердің көлемі 3 158,0 млрд теңгеге дейін 0,5%-ға өсті, оның ішінде заңды тұлғаларға кредиттер 0,8%-ға ұлғайды, жеке тұлғаларға – 3,9%-ға азайды. Теңгемен кредиттердің үлес салмағы маусымның соңында 75,4%-ды құрады (2018 жылғы мамырда - 75,3%).

Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі бір айда 10 984,6 млрд теңгеге дейін 0,7%-ға, ал қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 1 846,5 млрд теңгеге дейін 2,0%-ға ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2 647,3 млрд теңгеге дейін 3,2%-ға (экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен 20,6%) азайды.

Салалар бойынша бөлінген банктердің экономикаға кредиттерінің ең қомақты сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 15,2%), өнеркәсіп (14,2%), құрылыс (6,4%), ауыл шаруашылығы (5%) және көлік (4,7%) сияқты салаларға тиесілі.

Берілген кредиттердің көлемі маусымда бір айда 34,4%-ға ұлғайып 1 321,2 млрд теңгені құрады. Олардың құрылымында теңгемен берілген кредиттер 80,6%-ды құрады. Қысқа мерзімді кредиттер беру бір айда 677,8 млрд теңгеге дейін 23,1%-ға, ұзақ мерзімді кредит беру 643,4 млрд теңгеге дейін 48,7%-ға ұлғайды.

2018 жылғы маусымда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 11,7% (2017 жылғы желтоқсанда – 13,2%), жеке тұлғаларға – 19,1% (19,2%) болды.

7. 2018 жылғы қаңтар-маусымдағы төлем жүйелері

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 19 төлем жүйесі, оның ішінде Ұлттық Банктің төлем жүйелері, ақша аудару жүйелері, төлем карточкаларының жүйелері мен өзге де төлем жүйелері жұмыс істейді.

2018 жылғы бірінші жартыжылдықта Ұлттық Банктің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аудару жүйесі мен Банкаралық клиринг жүйесі) арқылы 402,3 трлн теңге сомаға 20,1 млн транзакция жүргізілді (2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда төлемдердің саны 21,1%-ға ұлғайды, төлемдер сомасы 4%-ға азайды). Орташа алғанда, бір күн ішінде аталған төлем жүйелері арқылы 3,3 трлн теңге сомаға 166,8 мың транзакция жүргізілді.

2018 жылғы бірінші жартыжылдықта Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізген операцияларының көлемі 8,7 трлн теңге сомаға 338,9 млн транзакцияны құрады (2017 жылғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда транзакциялардың саны 65,9%-ға ұлғайды, сомасы – 43,7%-ға өсті). Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізген операцияларының жалпы құрылымында қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер санының үлесі 61,8%-ға дейін (2017 жылғы қаңтар-маусымда – 45,0%) өсті, қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер көлемінің үлесі 28,6%-ға (19,0%) дейін ұлғайды.

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасында төлем карточкаларының шығарылымын 25 банк пен «Қазпочта» АҚ жүзеге асырды, эмиссияланған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 21,3 млн бірлік болды. 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі төмендегідей: 8,8 мың банкомат, 132,8 мың POS-терминал, 684 банк дүңгіршегі болды. 2018 жылғы 1 шілдеде Қазақстанда төлем жасауға төлем карточкаларын қабылдайтын 83,2 мың сауда кәсіпорны жұмыс істеді, бұл 2017 жылғы 1 шілдедегі олардың санынан 13,7%-ға асты.

2018 жылғы алты ай ішінде халықаралық ақша аударымы жүйелері арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы көлемі 303,2 млрд теңге сомаға 1,4 млн аударымды құрады. 2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда ақша аударымдары көлемінің өсуі 42,3%-ды құрады. Жөнелтілген аударымдардың жалпы көлемінен Қазақстаннан тыс жерлерге транзакциялардың жалпы санынан 89,1% (1,3 млн транзакция) және жалпы сомасынан 87,5% (265,4 млрд теңге) жіберілді. Қазақстан бойынша ақша аударымы жүйелері арқылы ақша аударымдарының жалпы санынан 10,9% (0,2 млн транзакция) және жалпы сомасынан 12,5% (37,9 млрд теңге) жүргізілді.

Осы кезеңде шетелден халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы 147,5 млрд теңге сомаға 0,7 млн транзакция алынды.

8. 2018 жылғы маусымдағы банк секторы

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 32 банк жұмыс істейді.

Банк секторының жиынтық активтері 2018 жылғы 1 шілдеде 24 255,5 млрд теңгені (ұлғаю жылдың басынан бері 0,4%-ды) құрады. Активтердің құрылымында ең көп үлесті кредиттер – 51,3%, бағалы қағаздар портфелі – 19,0%, қолма-қол ақша, аффинирленген бағалы металдар мен корреспонденттік шоттар – 12,0% иеленді.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер (NPL) 1 179,9 млрд теңгені немесе несие портфелінің 8,75%-ын құрады.

Несие портфелі бойынша провизиялар 1 893,6 млрд теңге немесе несие портфелінің 14,0%-ы (2018 жылдың басында – 2 126,4 млрд теңге немесе 15,6%) мөлшерінде қалыптасты.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 21 210,7 млрд теңгені (жылдың басынан бастап ұлғаю 0,4%-ды) құрады. Банктер міндеттемелерінің құрылымында ең жоғары үлесті клиенттердің салымдары – 79,6%-ды, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 5,8%-ды, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар – 2,9%-ды иеленеді.

Жиынтық міндеттемелерде банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері 2018 жылдың басымен салыстырғанда 5,56%-дан 5,35%-ға дейін (1 102,4 млрд теңгеге дейін) төмендеді.

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банк секторының жиынтық меншікті капиталы 2018 жылғы қаңтар-маусымда 0,5%-ға ұлғайып, 3 044,8 млрд теңге болды.

Таза пайда (ағымдағы кірістердің ағымдағы шығыстардан асып кетуі) 321,2 млрд теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің таза пайыздық маржасы және пайыздық спрэді 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша тиісінше 5,44% және 4,28% болды.

9. 2018 жылғы маусымдағы сақтандыру секторы

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сақтандыру секторында 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2018 жылғы 1 шілдеде 993,2 млрд. теңге (жылдың басынан бері 7,3%-ға өсу) болды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері жыл басынан бері 556,8 млрд теңгеге дейін 8,4%-ға ұлғайды.

Қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі жыл басынан бері 491,8 млрд. теңгеге дейін 6,8%-ға өсті.

Меншікті капитал 436,4 млрд теңге (жыл басынан бері өсу 6,0%) болды.

Сақтандыру сыйлықақылары 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2017 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 212,1 млрд теңгеге дейін 3,8%-ға ұлғайды, олардың ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 187,3 млрд теңге болды.

2018 жылдың алты айының қорытындысы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 35,6 млрд теңгеге дейін 9,9%-ға ұлғайды. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2017 жылғы 1 шілдедегі 15,9%-бен салыстырғанда 16,8% болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 60,3 млрд теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 28,4%-ын құрады. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 83,4%-ы Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2018 жылдың басынан бастап жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 37,6 млрд теңге болды, ол 2017 жылдың осындай кезеңінен 2,3%-ға аз.

10. 2018 жылғы қаңтар-маусымдағы зейнетақы жүйесі

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2018 жылғы қаңтар-маусымда 663,6 млрд теңгеге (8,5%) ұлғайып, 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 8 444,3 млрд теңгені құрады.

2018 жылғы 1 шілдеде 3 131,3 млрд теңге болған зейнетақы активтерін инвестициялаудан «таза» кіріс 2018 жылғы қаңтар-маусымда 356,4 млрд теңгеге ұлғайды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ-ны есептегенде) 2018 жылғы 1 шілдеде 9,7 млн шотты құрады.

Зейнетақы төлемдерінің сомасы 2018 жылғы қаңтар-маусымда 100,9 млрд теңгені құрады.

БЖЗҚ-тың жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін 2018 жылғы 1 шілдеде бұрынғыдай, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары мен ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің тиісінше 46,8%-ын және 25,4%-ын) құрайды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына алады:

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: press@nationalbank.kz

<http://www.nationalbank.kz>